

# Қаржы саласындағы мемлекеттік басқару мен жоспарлау

1. Мемлекеттік қаржы саласындағы уәкілетті және басқару органдарының жүйесі мен құзыреті

2. Мемлекеттің қаржылық қызметінің түрі ретіндегі қаржылық жоспарлау

3. Қаржылық жоспарлаудың құқықтық нысандары

**Қаржылық саласын басқару** - бұл басқару шешімдері қабылданғанда экономикалық заңдардың талаптары, экономикалық талдамалардың нәтижелері ескеріледі, басқарудың экономикалық және әкімшілік әдістері ұтымды ұштастыруды қажет етеді деген сөз.

Қаржыны ғылыми басқару және қаржы әдістері мен тұтқаларын іске қосу немесе ескілерінің күшін жою жолымен дер кезінде келеңсіз құбылыстардың алдын алуды көздейді.

# Қаржыны басқарудың элементтері:

- ақпарат,
- жоспарлау,
- ұйымдастыру,
- реттеу,
- бақылау.

Ақпараттың уақтылы жиналуы әрі дәл болуы оқиғаларды олардың даму барысын, түпкі нәтижесін анықтауға мүмкіндік береді.

**Қаржы ақпараты** қаржы жүйесінің буындарындағы бухгалтерлік, статистикалық және жедел есептеулер формасында жүзеге асырылады.

**Жоспарлау** – материалдық еңбек және қаржы ресурстарының теңестірілуін, өндірістік және қаржы көрсеткіштерінің өзара байланысып, қаржы жоспарларының кірістер мен шығыстар деңгейінде үйлесуін қамтамасыз етуге тиіс.

**Ұйымдастыру** басқарудың барлық буындарының үйлесімді, дәл жұмыс істеуін, жұмысының жоғары нәтижелігін, басқару қызметкерлерінің жауапкершілігі мен тәртіптілігін білдіреді.

**Қаржылық реттеу** — жоспарлы міндеттерді орындау үшін қаржы ресурстарын икемді жұмсау ол түпкі нәтижеден ауытқулардың түр-түрінің алдын алуға бағытталған.

## Қаржылық саласын басқару

мемлекеттің қаржылық органдар жүйесін анықтайтын және олардың құзыреттерін бекітетін қаржы құқығының жалпы бөлімінің институты ретінде көрніс табады.

ҚР Президентіне көп жағдайда Президент аппараты арқылы қаржылық басқаруға үлкен өкілеттік берілген:

- республикалық бюджетті әзірлеу және оның атқарылуы туралы есеп беру тәртібін айқындайды;

**- республикалық бюджет комиссиясын құрады, ол туралы қағиданы бекітеді, оның құрамын айқындайды;**

**- ҚР-ның аумағында төтенше мемлекеттік бюджет енгізу туралы шешім қабылдайды және оны әзірлеу тәртібін айқындайды;**

**- мемлекеттегі жағдай мен республиканың ішкі және сыртқы саясатының негізгі бағыттары туралы Қазақстан халқына жыл сайынғы жолдауда алдағы жылға арналған ҚР қаржы – кредит және бюджет саясатының негізгі бағыттарын айқындайды;**

- ҚР Ұлттық қорын басқару жөніндегі кеңес құрады және ол туралы қағиданы бекітеді, Ұлттық қорды қалыптастыру және пайдалану тиімділігін арттыру жөнінде, сондай-ақ оны пайдаланудың көлемі мен бағыттары жөнінде шешімдер қабылдайды.

*Мемлекеттік қаржыларды басқару органдарының жүйесін келесідей түрде ұсынуға болады:*

- 1) Мемлекеттің өкілді органдары:
- - ҚР парламенті
- - мәслихаттар



## **Парламентке жүктелген:**

- республикалық бюджет пен оның атқарылуы жөніндегі есепті бекіту, оның орындалуын қадағалау, бюджетке өзгерістер енгізу;
- республикалық және жергілікті бюджеттерді қалыптастыруға түсетін салықтарды, алымдарды және кірістерді белгілеу;
- арнайы ақшалай қорлар құрып, олардың пайдалануын қадағалау;
- заемдер беру;

## 2) Мемлекеттің атқарушы органдары:

- Жалпы құзыретті орталық атқарушы орган – **ҚР Үкіметі**
- орталық салалық және функционалдық органдар – **министрліктер мен ведомствалар**
- жалпы құзыретті жергілікті атқарушы органдар – **әкімдер**
- салалық және функционалдық органдар – **министрліктің аумақтық органдары және жергілікті атқарушы биліктің органдары**

3) Мемлекеттің арнайы қаржылық органдары – **ҚР Қар.мин. және оның аумақтық бөлімдері, ҚР Ұлттық банк және оның аумақтық бөлімдері.**

**ҚР Үкіметі:**

- Парламентке республикалық бюджетті оның атқарылуы туралы есепті дайындайды және ұсынады
- бюджеттің орындалуын қамтамасыз етеді
- мемлекеттік кірісті қысқартуды немесе шығысты ұлғайтуды көздейтін Республика заңдарының жобалары жөнінде қорытындылар береді.

# **Министрліктер мен ведомствалар:**

- ведомствалық бағынышты кәсіпорындар мен мекемелердің қаржылық қызметін ұйымдастырады;
- кәсіпорындардан алынған түсімдердің нормативтерін бекітеді;
- орталықтандырылған тәртіппен мемлекеттен бөлінген бюджет қаражатын ведомствалық бағынышты ұйымдар арасында бөледі;
- мемлекеттің ақша қаражатын в.б субъектілердің заңды және тиімді пайдалануына бақылауды жүзеге асырады.

**ҚР Қаржы министрлігі басшылықты,**  
сондай-ақ заңнамада көзделген шекте өзінің  
құзыретіне жатқызылған қызмет  
саласында салааралық үйлестіруді жүзеге  
асыратын ҚР орталық атқарушы органы  
болып т.

**Министрліктің ведомстволары:**

Қазынашылық, Кедендік бақылау, Салық,  
Қаржылық бақылау, Дәрменсіз  
борышкерлермен жұмыс, Мемлекеттік  
мүлік және жекешелендіру, Қаржы  
мониторингі комитеті.

# **Министрліктің негізгі міндеттері:**

- бухгалтерлік есепке алуды, бюджеттік есепке алу мен мемлекеттік қаржы статистикасын атқару, жүргізу, республикалық бюджетті және ҚР Ұлттық қорын атқару жөніндегі бюджеттік есептілікті жасау бойынша ұсыныстар әзірлеу, бюджеттік жоспарлау;**
- салық, кеден, бюджет саясатының негізгі бағыттары бойынша ұсыныстар әзірлеуге қатысу, салық және міндетті төлемдердің, ЖЗҚ міндетті зейнетақы жарналарын есептеудің, ұстау мен аударудың және мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорына аударымдарды есептеу мен төлеудің толықтығы мен уақтылылығын қамтамасыз ету;**
- өз құзыреті шегінде экономикалық қауіпсіздікті қамтамасыз ету**

# **Министрліктің функцияларын бөлуге болады:**

## **1. Жалпы сипаттағы функциялар:**

---

**- мемлекеттік қаржыларды басқару саласында мемлекеттің саясатын басым бағыттары мен мақсатын анықтау;**

**- мемлекеттік бағдарламаларды және өзге де стратегиялық жоспарларды әзірлеу;**

**- ҚР-ның салық саясатын іске асыруға және кеден ісі саласындағы саясатты жүргізуге қатысу;**

**- үкіметтік және мемлекет кепілдік берген борышты және мемлекет алдындағы борышты басқару, мемлекеттік сатып алу, банкроттау рәсімдерінің жүргізілуін бақылау.**

## **2. Бюджет саласындағы функциялар:**

**- әлеуметтік-экономикалық даму болжамын ескере отырып, мемлекеттік және республикалық бюджетке, Ұлттық қорға түсетін түсімдерді болжау;**

**- бюджеттік жоспарлау, республикалық және жергілікті бюджеттердің, бюджеттік есепке алудың, ішкі мемлекеттік қаржылық бақылаудың, қаржылық және бюджеттік есептіліктің атқарылуы саласында, салааралық үйлестіру және әдіснамалық басшылық ету;**

**- республикалық бюджеттің атқарылуын ұйымдастыру;**

**- есепті қаржы жылындағы республикалық бюджеттің атқарылуы туралы жылдық**



**- Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылайтын есеп комитетімен бірлесіп мемлекеттік қаржылық бақылау стандарттарын әзірлеу;**

**- республикалық бюджеттің қаражаты есебінен бюджеттік кредиттерді беру, оларға қызмет көрсету, оларды есепке алудың мониторингін және қайтаруды қамтамасыз ету;**

**- РБАБ жөніндегі ЕК бірлесіп мемлекеттік қаржылық бақылау стандарттарын әзірлеу;**

**- Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының қалыптастырылуы мен пайдаланылуы туралы жылдық есепті жасау т.б.**

### **3. Мемлекеттік несие саласындағы функциялар:**

- республикалық бюджеттің қаражаты есебінен бюджеттік кредиттерді беру, оларға қызмет көрсету, оларды есепке алудың мониторингін және қайтаруды қамтамасыз ету;**
- тиісті қаржы жылына арналған республикалық бюджетте бекітілетін ҚР Үкіметінің қарыз алу көлемдерін, нысандарын және талаптарын, үкіметтік борышты өтеу және оған қызмет көрсету көлемін айқындау;**
- мемлекет кепілгерлігі шартын жазбаша нысанда жасасу арқылы ҚР Үкіметінің шешімі бойынша мемлекет кепілгерлігін беру;**
- мемлекет кепілдік берген борыш мониторингі;**

- мемлекеттік қарыздарды, мемлекет кепілдік берген қарыздарды, мемлекеттік кепілдіктерді, бюджеттік кредиттерді, мемлекеттің кепілгерліктерін және мемлекет кепілгерлігімен тартылған қарыздарды тіркеу және есепке алу;
- ҚР Үкіметі айқындайтын шарттарда және тәртіппен Үкіметтің тапсырмасы бойынша мемлекеттік кепілдіктер беру;
- мемлекеттік емес қарыздардың мемлекеттік кепілдіктері жөніндегі міндеттемелердің орындалуын қамтамасыз ету;
- бюджеттік кредит беру нәтижесінде туындайтын үкіметтік талаптар бойынша борыштық міндеттемелерді есепке алуды қамтамасыз ету;

#### **4. Қаржылық бақылау саласындағы функциялар:**

**- республикалық және жергілікті бюджеттердің қаражатын пайдаланудың ҚР заңнамасына сәйкестігін бақылау;**

**- ҚР заңнамасына сәйкес республикалық және жергілікті бюджеттердің қаражаттарын пайдаланған кезде бұзушылықтарды анықтау, жолын кесу және жол бермеу;**

**- ішкі бақылау қызметтерінің Мемлекеттік қаржылық бақылау стандарттарын сақтауын бақылау;**

**- бақылау объектілерінің есепке алу мен есептілікті жүргізуінің анықтығы мен дұрыстығын бақылауды жүзеге асыру;**

- мемлекеттік органдардың және барлық меншік нысандары ұйымдарының салыққа жатпайтын түсімдерді тиісті бюджеттерге енгізу толықтығы мен уақтылылығына қатысты мәселелері жөніндегі қызметін бақылау;
- тауарларды (жұмыстарды, қызметтерді) сатудан түсетін ақшасы өздерінің иелігінде қалатын мемлекеттік мекемелердің ақшаны қалыптастыруын және пайдалануын бақылау;
- мемлекеттік сатып алу туралы заңнамасының сақталуын бақылау, қажет болған кезде мемлекеттік сатып алу жүйесінің субъектілері ұсынған есеп деректерінің, материалдарының және ақпараттарының дұрыстығын тексеру;

# **ҚР ұлттық банкінің қаржылық функциялары:**

## **1) Ақша жүйесін ұйымдастыру саласында:**

- ҚР ұлттық валютасының банкноттары мен монеталарының жалғыз эмитенті болып табылады және ҚР-ның аумағында қолма-қол ақша айналымын ұйымдастырады;**
- банкноттарды, монеталарды және құндылықтарды тасымалдауды, сақтауды және инкассациялауды қамтамасыз етуге қатысады, банкноттардың, монеталардың және құндылықтардың резервтік мемлекеттік қорларын құрады;**
- ҚР-да валюталық реттеуді және валюталық бақылауды жүзеге асырады;**

## **2) Мемлекеттік несие саласында:**

- ҚР-ның мемлекеттік ақша-кредит саясатын әзірлейді және жүргізеді;**
- мемлекеттік бағалы қағаздарды эмиссиялайды;**
- соңғы сатыдағы қарыз беруші болып табылады, Қазақстан Ұлттық Банкінде банк шоттарын ашқан заңды тұлғаларға қарыздар беруге құқылы, оларды қайта қаржыландыру жүйесін ұйымдастырады;**
- қаржы ұйымдарының сыртқы борышын реттеуге қатысады;**
- мемлекеттік емес сыртқы қарыздар бойынша шарттардың мониторингін жүзеге асырады;**

### **3) Мемлекеттік банк ретіндегі қызметі:**

- статистикалық әдістемені әзірлейді және қолма-қол ақша айналысы, ақша-кредит және банк статистикасы, төлем балансы, сыртқы борыш, халықаралық инвестициялық позиция, қаржылық тұрақтылықты қамтамасыз ету жөніндегі бастапқы статистикалық деректердің тізбесін, нысандарын, мерзімдері мен оларды ұсыну тәртібін айқындайды;**
- қаржы нарығына шолу жасау, ақша-кредит және банк статистикасы, төлем балансы, сыртқы борыш жөніндегі статистикалық ақпаратты қалыптастырады және таратады, төлем балансын болжамдық бағалауды әзірлеуге қатысады;**



## **2. Мемлекеттің қаржылық қызметінің түрі ретіндегі қаржылық жоспарлау**

**Қаржыны жоспарлау – бұл белгіленген мақсаттарға жетуге бағытталған қаржы жоспарларының жасалу және олардың белгілі мерзімдерде орындалуын ұйымдастыру үдерісі. Жоспарлау басқарудың элементі ретінде қаржылық саясаттың құралдарының бірі болып табылады.**

**Қаржы саясатының мақсаты- қоғам дамуының аса маңызды қажеттіліктерін қанағаттандыруға қажет қаржы ресурстарын толық жұмылдыру.**

Қаржылық жоспарлаудың объектсі болып шаруашылық жүргізуші субъектіер мен мемлекеттің қарылық қызметі табылады, ал қорытынды нәтижесі – жеке мекемелердің қаржылық сметаларынан бастап мемлекеттің қаржылық балансына дейінгі қаржылық жоспарларды құру болып табылады.

Әрбір жоспарда белгілі кезеңдегі кірістер мен шығыстар, қаржы және несие жүйелерінің салалрымен байланыстары анықталады.

Бұл тапсырмаларды орындау үшін қажетті ақша құралдары мен көздерінің көлмін анықтау және қорлар арасында қаражаттарды тиімді бөлу б.т.

# Қаржыны жоспарлау процесі бірнеше сатыдан тұрады:

- а) қаржылық жоспардың жобасын құру;
- ә) қаржылық жоспарды қарастыру;
- б) жоспарды бекіту;
- в) қаржылық жоспарды орындауды ұйымдастыру және оған бақылау жүргізу;
- г) қаржылық жоспардың жүзеге асуына қорытынды жасау.

Қаржылық жоспардың жобасын құруды негізінен арнайы қаржы органы жүзеге асырады. Республикалық бюджет жобасын Үкімет әзірлейді, орындалуын қамт. етеді.

# **Қаржылық жоспарлау принциптері:**

1) ашықтығы мен жариялылығы;

2) қаржы жоспарын бекітуші өкілді органның билігінің жоғары болуы;

3) кез келген қаржы жоспарынның орындалуына мемлекеттік өкілді органдардың бақылауы;

4) қаржылық жоспарлаудың барлық сатысының қатаң заңнамалық регламенттелуі;

5) қаржы жоспарын ғылыми негізде дайындау, оның шынайылығы мен негізділігі;

6) Бекітілген қаржы жоспарының көрсеткіштерінің іс жүзіндегі орындалуы.